

С.Ш.Айтуганова,
С.А. Сарсембаева*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан
E-mail: s-aituganova@mail.ru , ssarsembayeva.kz@gmail.com)

Постмодернистік әдебиеттегі симулякр: генезисі мен зерттелуі

Аңдатпа. Мақалада постмодернистік әдебиеттегі симулякр категориясының шығу тегі, қалыптасуы және зерттелуі қарастырылады.

«Симулякр» ұғымының дамуы антикалық кезеңде бастау алып, постмодернизм дәуірінде философ Ж.Батайдың негіздеуімен ғылыми айналымға енген. Терминге қатысты алғашқы ой-тұжырымдар грек ойшылдары Платонның, Эпикурдың трактаттары негізінде талданады. Антикалық кезең философиясында симулякр заттың көшірмесі, репрезентациясы түрінде сипатталады. Кейіннен француз ғалымдары Ж.Батайдың, Ж.Делездің, Ж.Бодрийярдың зерттеу еңбектерінде симулякр жаңа қырынан талданып, қазіргі заманғы философиялық, әлеуметтік-саяси жағдайды сипаттаудың кең контекстінде беріледі. Ж.Бодрийяр ұсынған «Симуляциялар мен симулякрлар» теориясы бойынша симулякрдың қоғамдағы, өнердегі, әдебиеттегі көрінісі мен қызметі талданады. Ресей ғалымдары М.Эпштейн, Н.Маньковская және О.Бычкованың симулякрлар теориясына қатысты ой-тұжырымдары зерделенеді. Орыс әдебиеттанушысы М.Эпштейннің мақалалары бойынша Кеңестік кезең идеялогиясының симулякрлар теориясымен өзара байланысы қарастырылады. Философ, постмодернизмге қатысты бірқатар еңбектердің авторы Н.Маньковскаяның зерттеу жұмыстарындағы симуляциялық қатынастардың даму сатылары жайлы пікірлері пайымдалады. Ғалым О.Бычкованың орыс әдебиетіндегі симулякрдың көркем мәтіндегі қызметі мен орнына қатысты тұжырымдары талданады. Симулякрдың қазақ прозасындағы қолданысы әдебиеттанушы, PhD Г.Сәулембектің зерттеу еңбегі негізінде қарастырылады.

Түйін сөздер: қазақ әдебиетіндегі постмодернизм, әдебиеттегі симулякр, симулякрлар мен симуляциялар, симулякрдың зерттелуі, әдеби симулякрдың генезисі.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-143-2-145-152>

Кіріспе. Постмодернизм жалпы барлық өнер түрлерінде бар әдіс. Оның пайда болу тарихы мен қазақ өнер бағыттарына байланысты даму ерекшелігі біршама зерттелген. Зерделей қарасақ, әдебиет әлеміндегі постмодернизм – толық еркіндік аумағы. Постмодернист қаламгерлердің құралдары алдыңғы толқын өкілдерімен салыстырғанда әлдеқайда ауқымды –

барлығына рұқсат етілген: тұрақсыз баяндаушы, сөз ойнату, жалпы тілдің эмансипациясы, жанрлардың араласуы, синтаксистің бұрмалануы, диалогизм, туындыдағы негізгі идея мен сюжеттің болмауы және т.с.с.

Постмодернизмде тек шығарманың формасына, сөз қолдану сапасына ғана емес, автордың негізгі идеяны берудегі дискурс

пен авторлық ұстанымның да ерекшелігіне назар аударады. Зерттеу барысында негізгі тақырыпқа орай постмодернизмнің генезисі мен зерттелуі қазақ әдебиетіндегі симулякр негізінде қарастырылды.

Зерттеу әдістері. Мақаланы жазуда әлемдік әдебиет теориясы мен қазақ әдебиеттануындағы постмодернизмге және симулякрларға байланысты ғылыми еңбектер пайдаланылды. Зерттеу барысында салыстыру, саралау, терминдік атауларды талдау, тарихи-типологиялық дәйектеу әдістері қолданылды.

Талқылау мен нәтижелер. Қазақ әдебиеттануында постмодернизм бағыты туралы көптеген ғылыми еңбектер жазылып жатыр. Отандық ғалымдарымыз: Б.Майтанов, А.Ісімақова, Ж.Жарылғапов, Г.Пірәлі және т.б. постмодернизм ағымының ұлттық әдебиеттегі орны жайлы зерттеу пікірлерін білдірді.

Еуропа елдерімен салыстырғанда, қазақ әдебиетінде постмодернизм әдісі кейінірек өріс ала бастады. Қалыптасу кезеңдерінің, туындау себептерінің алшақтығынан ұлттық сөз өнеріндегі және еуропалық постмодернизм аралығында үлкен айырмашылықтар болары анық. Онымен бірге әр ел әдебиетінің ұлттық сипаты да бар. Қазақ әдебиетінің ұлттылығы


мен тарихилығы, өзіне ғана тән даму жолы кез келген сырттан келген көркемдік әдісті өз ыңғайына қарай қалыптастыратыны да бар.

Қазіргі қазақ прозасындағы постмодернизм сипаты бүгінде А.Алтай, Р.Мұқанова, Д.Амантай, А.Кемелбаева, А.Жақсылықов, кейінгі толқын прозаиктері Д.Жылқыбай, А.Әділбек, Б.Қадыр, Т.Қылышбек, С.Ақтай, Б.Батанның және т.б. көркем шығармаларында кездеседі.

Постмодернистік әдебиетке тән белгілер қатарына интермәтінділік, шизоанализ, деконструкция, ризоматика, иронизм мен симулякрларды жатқызып жүр. Соңғы уақытта зерттеушілер назарына іліккен «Симуляция мен симулякрлар» теориясының орны ерекше.

«Симулякр» термині әр дәуірде түрлі сипатқа ие болды. Берілген ұғымның даму және қалыптасу кезеңдерін 3 сатыға бөліп қарастыруға болады (1-сызба).

Антикалық әдебиет дәуірінде алғашқы «симулякрға» қатысты ойлар Платон еңбектерінде кездеседі. Платон бірінші болып «Софист» диалогында шындықты бұрмалайтын фантом-симулякрлардың болу мәселесін айтады.



1-сызба. Симулякрдың даму кезеңдері

Философ «еліктеу» арқылы объектілерге сәйкес келетін бейнелер жасалады деп тұжырымдайды [1, 105].

Платон философиясында образдың берілу түріне байланысты үш негізгі ұғым қалыптасқан:

1. Эйдос – Құдай жасаған алғашқы бейне, түпнұсқа.
2. Икона – Эйдостың нақ көшірмесі.
3. Идол (эйдолон) – фантасма, тек ұқсас болып көрінетін, түпнұсқасы жоқ бейне [2, 37].

Яғни, ойшылдың тұжырымы бойынша, ең жоғарыда эйдос тұрады. Эйдостарды жасау – тек Жаратушының қолынан шығатын іс. Олар жаратылыстың бастауы, бірінші түпнұсқалары болып саналады. Ал, иконаларды жасауда эйдостың көшірмесі пайдаланылады, сол себепті олар түпнұсқаны айна қатесіз қайталап шығады деп сенеді. Идолдар заттың образын қайталағанымен, өзгерістерге ұшырап, алғашқы бет-бейнесінен мүлдем алшақтайды. Иконалар мен

идолдар көрінісіне кескіндерді, мүсіндерді, картиналар мен заттардың көлеңкесін жатқызады. Үш ұғым арасында симулякрдың идол терминімен ұқсастығы байқалады. Ал кейінгі классикалық емес философияда эйдос ұғымы Гегель, Шопенгауэр, Гуссерль ілімдерінде «екінші тыныс» (второе дыхание) деп танылды [3, 119]. Сонымен алғашқы түсінік бойынша симулякр түп нұсқа бейненің басқа формаларда көшіріліп көрінуі болып шығады.

Өз кезегінде ежелгі грек ойшылы Эпикур «симулякрдың», яғни εἰσόν (бейне) бойынша жіктелуін ұсынды. Ақиқатты бағалаушы ретінде Эпикур бейнені образ ретінде қабылдады, ұғымдарды және сезімдерді көрсетеді. Сонымен бірге сезіну арқылы дүниені қабылдады да, қиял образдарды да қабылдау деп түсінеді. Қиялымызда туындаған образдар да, сезімдеріміз де зат бейнелерінің санамызға енуіне ықпал етеді, бірақ олардың кейбіреулері біздің сезім мүшелерімізге енеді, басқалары – «денеге таралады, содан кейін химера, кентавр және т.с.с. фантастикалық образдар пайда болады» деп пайымдаған [4, 155]. Яғни, антикалық кезең философиясында симулякр – заттың көшірмесі, репрезентациясы ретінде сипатталады. Бірақ заттардың көшірмесі тура сол қалыбында емес, белгілі бір өзгерген форма түрінде көрінетініне назар аударған. Мәселен, жоғарыда айтылған химера, кентавр сияқты көркем бейнелердің пайда болуы дүниенің ерекше құбылыстарын бейнелі, метафоралы түрде танудан туындаған.

Ежелгі дәуірдегі гректердің «Тесей кемесі» мифы ойшылдар арасында түрлі талас-тартыс тудырған. Миф мазмұнына сүйенсек, Тесей батырдың кемесі Эге теңізі жағалауындағы Делос аралдарына қарай бет алады. Кеменің кей бөліктері жарамсыз болғандықтан, ағаш тақтайшалармен алмастырылып отырған. Аралға жеткенше кеменің көп тұстары өзгертіліп, жаңаша кейіпке енеді. Туындайтын басты сауал – егер түпнұсқа нысанның барлық құрамдас бөліктері ауыстырылса, сол нысан болып қала ма? Екінші сауал, егер алдыңғы нысанның барлық тақтайшалары сақталып қалса, екі кеменің қайсысы түпнұсқа кеме болмақ? Гераклит екі кеменің жолда түрлі уақыт кезеңдерінде болуы себепті екі бөлек деп таниды. Әр уақыт өзінше бірегей деп көрсетеді. Аристотель бойынша заттың үш негізгі қасиеті болады: пішіні, жасалған материалы, заттың мәні (қызметі).

Алдыңғы екеуі қанша өзгеріске ұшыраса да, заттың атқаратын қызметі сол қалпы. Яғни, тақтайшалар ауысқанымен, кеменің атқарар қызметі өзгеріссіз [5, 98]. Осылайша, ойшылдар арасында «Заттың түпнұсқасы мен көшірмесі» жайлы талас тудырған парадокс әлі күнге дейін өзектілігін жоймады. Себебі бұл мәселе бүгінгі күні басқа сатылық деңгейде көрініп отыр. Мәселен, кейінгі постмодернистік әдебиеттерде бейнеленетін адамдардың клондануы, адам жаның екіге жарылып екі адам сияқты өмір сүруі тәрізді көркемдік шешімдер заттың түпнұсқасы ма, әлде көшірмесі маңызды ма деген сұрақтарды шығарады. Алайда бұл зерттеудің дәл қазіргі нысаны болмағандықтан бұл мәселеге көп тоқталмаймыз.

Постмодернизм кезеңінде «симулякр» категориясына берілетін анықтама өзгеше сипатқа ие болды. Атауды ғылыми айналымға енгізген ғалым – Жорж Батай. Философтың пікірінше, симулякр сөзбен, өнер туындыларымен және инсталляциялармен бейнеленуі мүмкін емес, мистикалық «ішкі тәжірибенің» қорытындысы. Симулякр ұқсастығы жоқ, бірақ ұқсастық әсерін тудыратын бейне ретінде қарастырылады. «Симулякр сәйкессіздік пен айырмашылық негізіне құрылған [6, 335]. Бақылаушыны қамтитын конструкциялар бола отырып, симулякр кез келген артықшылықты, көзқарасты, иерархияны, кез келген тәртіпті қабылдамауды болжайды. Симулякр әлемі – «жеңіске жеткен анархия» әлемі [6, 342], бұл «шығармашылық хаос патшалығы үшін үлгілер мен көшірмелердің» жойылуы». [6, 346] Байқасақ, берілген анықтамалардың барлығы әр түрлі айтылып, әр түрлі пайым сияқты болғанымен, оның қайткен күнде де көшірме екеніне ойымызды аударады.

Симулякрға қатысты құнды пікір білдірген ғалымдардың бірі Жиль Делез болды. Философтың Платон идеяларына негізделген симуляцияның генезисін сипаттайтын ең әйгілі шығармасы «Платон және симулякр» (1983) деп аталады. Платоннан айырмашылығы, біздің замандасымыз Ж.Делез симулякрді фантазмагориялық бейне ретінде қарастырады, бұрыннан ұқсастығынан айырылған, сыртқы әсер, иллюзия арқылы берілген, оның шынайы мәні «мәңгілік өзгерісте, дивергенцияда және айырмашылық үстінде». Ж.Делез былай дейді: «Барлығы симулякрға айналды. Бірақ симулякр деп біз жай еліктеуді емес,

оның арқасында модель немесе белгілі бір оппозиция идеясын жоққа шығаратын әрекетті түсінуіміз керек. Симулякр – ойнайтын екі дивергентті разрядтың арасындағы айырмашылықты қамтитын, кез келген ұқсастықты жойып, сол кезден бастап түпнұсқаның немесе көшірменің бар екенін көрсетуге мүмкін болмайтын инстанция» [7, 93]. Делез Платонның жалған мен ақиқат арасындағы іріктеу принципін ұстанады: идеялар теориясының негізінде жатқан уәжді оқшаулау мен таңдауға ерікті ұмтылудан іздеу керек. Әңгіме «заттың» өзі мен оның бейнелерін, түпнұсқа мен көшірменің, үлгі мен симулякрдың арасын «ажырату», «аражігін ашу» мәселесі. Алайда кейде түпнұсқадан қарағанда көшірменің сапасы мен көркемдігі артықтау болатын тұстары да болады. Мысалы, халық барлық шығармаларды алдымен ауызша тудырған заманда алғашқы, түпнұсқа әңгімеден қарағанда кейіннен өңделіп айтылған нұсқалары сапалырақ болып көрінетінін жасыруға болмайды.

Француз философы Жан Бодрийяр өркениетті әлемдегі қазіргі заманғы философиялық, әлеуметтік-саяси жағдайды сипаттаудың кең контекстінде симулякр ұғымын енгізген. «Симуляциялар мен симулякрлар» (1981), «Терроризм рухы. Шығанақ соғысы болмады» (Дух терроризма. Войны в Персидском заливе не было) (1995) ғылыми еңбектерінде ол қазіргі заманның барлығын толық симулякрлар дәуіріне енгенін баяндайды. Билік, әлеуметтік институттар, саяси партиялар, мәдениет институттары, соның ішінде өнер саласы күрделі, нақты істермен және проблемалармен айналыспайды, тек осындай әрекеттерді имитациялайды, жаһандық ауқымда симуляциялық ойын ойнайды. Демек, мұндай ойынның негізгі өнімі – симулякр зерттеушілері, гиперреалдылық түрін құрайтын шексіз симулякрлар теңізі, ол бүгін шындықтың өзінен гөрі шынайырақ, өйткені біз тек сонда өмір сүріп, әрекет етуіміз керек дейді [8, 44]. Симулякрлар күнделікті өмірімізден бөлек, өнер салаларында, мәдениетте, әдебиетте де көрініс тауып жатқанын атап өтеді. Ғалымның тұжырымдарында өмір шындығы бар.

Ж.Бодрийяр «Симулякрлар және симуляциялар» (1981) философиялық трактатында өзінің бұрынғы теориялық зерттеулерін қорытындылай келе, шындық,

символдар және қоғам арасындағы байланысты зерттейді. Шығарма 18 тараудан тұрады. Трактаттың эпиграфы ретінде «Симулякр — это вовсе не то, что скрывает собой истину, — это истина, скрывающая, что её нет. Симулякр есть истина» дәйексөзі алынған. Дәйексөз «Екклесиаст» кітабынан деп көрсетіледі, шындығында кітапта мұндай сөздер жоқ.

Бодрийяр аталған еңбегінде жазушы Х.Л.Борхестің «Қатаң ғылым жайлы» (О строгой науке) әңгімесінің сюжетін қайталайды. Ұлы империя жер аумағын нақты көрсететін, егжей-тегжейлі өлшенген карта жасайды. Картаның үлкендігі соншалық, империяның өзімен тең келеді. Карта күнделікті шайқастар нәтижесі бойынша не үлкейіп, не кішірейіп отырады. Империя жері тарылып, құлаған кезде тек картасы қалады. Шындығында жер бетінен империя аумағы емес, карта жойылады. Яғни, Бодрийяр түсініктемесінде адамдар өмір сүріп жатқан карта тек шындықтың симуляциясы болған. Ал көркем өнерде, оның ішінде әдебиетте, симулякрлар тарихи шығармалардағы белгілі бір тарихи оқиғаны жазып отырғанда жазушының қиялынан туындаған деп қабылдайтын суреттеулер де болады.

Ғалымның пікірінше, постмодернизм дәуірі – толық симуляцияланған. Постмодерндік қоғам жағдайында ақиқат модельге айналғанда, шындық пен белгілер арасындағы қарама-қайшылық жойылып, бәрі симулякрға айналады. Симулякр – түпнұсқасы мүлдем жоқ немесе уақыт өте келе оны жоғалтқан нәрсені бейнелейтін көшірме [9, 21].

Философ симулякр-образдың дамуының 4 кезеңін бөледі:

1-кезең. Шынайы бейне, біз сенетін көшірме, оны іргелі шындықтың көрінісі деп атауға болады. Бодрийярдың пікірінше, «сакраменталды сипатқа ие» (отражение реальности). Мысалы, айнадағы бейне, фотосуреттер және т.с.с.

2-кезең. Шындықтың қатерлі көрінісі, «іргелі шындықты бүркемелейтін және бұрмалайтын» және зиянды сенімсіз көшірме (искажение реальности). Бұл жерде белгілер мен бейне белгінің өзі инкапсуляцияға қабілетсіз болатын қандай да бір белгісіз шындықтың бар екендігін меңзеуі мүмкін.

3-кезең. Іргелі шындықтың жоқтығын бүркемелейді, мұнда белгі түпнұсқасыз

көшірме болса да, сенімді көшірме болып көрінеді (нет отсылки к оригиналу). Символдар нақты нәрсені бейнелеуі мүмкін, ал шын мәнінде түпнұсқасы жоқ. Бодрийярдың пікірінше, мұндағы бейнеде «сиқырлық сипат» бар, бүкіл мағына жасанды түрде сиқырланып, алхимиялық шындыққа сілтеме болып шығады.

4-кезең. Таза симуляция, көшірменің көшірмесі (симулякр в чистом виде). Симулякртекойданшығарылғангиперреалды әлемнің көшірмесін қайталайды. Модельдеу дәуірі барлық корреляцияның, барлық референттердің жойылуынан және олардың кейіннен белгілер жүйесінде жасанды түрде қайта жаңдануынан басталады. Бір нәрсені бүркемелейтін белгілерден, артында ештеңе жоқ белгілерге көшу шешуші бетбұрысты білдіреді» [8, 78].

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі постмодернизм шығармаларындағы бейнелердің жасалуындағы симулякрлардың барлық түрі ғалымның жіктеуінде берілген. Бұл тек қазақ әдебиетінде ғана емес, әлем әдебиетінің кез келген постмодернизм туындыларында бар. Себебі, кез келген көркем шығарма - өмірдің көшірмесі.

Ресей философы, әдебиеттанушы М.Эпштейн постмодернизм мәдениетін жиі сипаттайтын терминдер мен концептуалды кешендердің қатарына «белгісіз таңбалауыштар», «симулякр» (түпнұсқасыз ұқсастық), «интертекстуалдылық», «цитата», «деконструкция», «шындықтың жоғалуы», «автор өлімі», «эпистемиологиялық белгісіздік», «анти-утопизм және посттопизм», «логоцентризм мен фаллоцентризмнің күйреуі» (ер адам шовинизмі), «фрагментация», «эклетицизм», «плюрализм», «релятивизм», «мағыналардың шашырауы», «бинарлы оппозициялардың күйреуі», «айырмашылық», «мультикультурализм», «скептицизм», «ирония», «пародия», «пастиштерді (немесе «центон», көбінесе пародия мақсатындағы дәйексөздерден құралған көркем шығарма)» жатқызады [10, 5-6]. М.Эпштейн «Постмодернизм және коммунизм» мақаласында коммунистік және постмодерндік жүйелерді салыстыра отырып, олардың арақатынасын зерделейді. Постмодернизмнің ең маңызды қасиеттерінің бірі ретінде ол Ж.Бодрийярдан кейін симуляцияны немесе «шындықты бұрамалауды» атайды. Симуляцияның артында бөлек тұрған шындық жоқ, өйткені

оның өзі жоқ шындықты алмастырады. Мысалы, М.Эпштейннің пікірінше, Ленин енгізген коммунистік сенбіліктер типтік симулякрларға жатады, яғни оқиға үшін жасалған оқиғалар» (события, созданные ради самого события) [10, 56]. «Колхоз», «совхоз», «әдебиеттің партиялық рухы» сынды кеңестік идеологемалар, ережелер, бұйрықтар Кеңес үкіметі ыңғайына қарай ойдан шығарылған дүниелер. Ғалым пікірі бойынша, кеңестік жүйеде ертегі де шындыққа айналады [10, 57]. Дұрыс пайым. Себебі, кез келген қиялдан туған дүние белгілі бір уақытта заттанып, өмірден орнын табады деген деген де гипотеза бар.

Постмодернизм жайлы жазылған бірқатар еңбектердің авторы, профессор Н.Б.Маньковская «Постмодернизм эстетикасы» (2000) кітабында симуляциялық қатынастардың эволюциясы туралы: «Ғасырлар бойы «симулякр» термині өте бейтарап болып көрінді. Классикалық эстетикада мимесис теориясымен тығыз байланысты шындыққа еліктеу нәтижесіндегі ұқсастықты білдіріп, көркем бейненің ең әлсіз синонимдерінің бірі болды. Жаңа дәуір өзінің интерпретациясына ойынға, шындықты ауыстыруға байланысты бірқатар реңктерді енгізді – трюктер, жалған айналар (образдардың), классицизмнің, ағартушылықтың, романтизмнің басқа да бірқатар эстетикалық жаңалықтары семантикалық тұрғыдан, имитацияға және шындықты ауыстыруға қарай бұрылды» деп жазады [11, 56-57]. Бұл теорияның да жаны бар. Тарихи уақыттың кеңістіктегі орнын анықтау кей жағдайда мүмкін болмайды. Кей жағдайда жазушы автор-жаратушы ретінде тарихты «бұрмалап» шығармадағы кейіпкердің ырқына бағына отырып немесе өзі ойға алған көркем әлемнің бейнесін жасауда симуляцияға барады. Л.Толстойдың «Анна Каренина» романындағы Аннаның образын күйеуіне бағынышты, типтік орыс әйелінің бейнесін сомдамақшы болған ойы, Аннаның керісінше еркіндікке ұмтылуы арқасында қоғамның «сұмырай» бейнесіне айналуы осындай тарихи және көркемдік шындықтың қатынасынан шығады. Немесе М.Әуезовтің «Қаралы сұлуындағы» Қарагөздің бейнесін алсақ та осы сипаттас.

Орыс әдебиетіндегі постмодернизм көрінісін, симулякрлар теориясын зерттеген ғалымдардың бірі – О.А.Бычкова. Зерттеуші диссертациясында симулякрді

постмодернистік эстетиканың маңызды категорияларының бірі ретінде қарастырады. Әр түрлі жылдардағы постмодернистік сипатта жазылған көркем шығармалардың негізінде (А.Битовтың «Пушкин үйі» (1971), Т.Толстойдың «Кысь» (2000), «Чапаев и Вустота» (1996), «Generation «П» (1999), В.Пелевиннің «Сары жебе» әңгімелері жинағы (2002)) «орыс зиялылары» және «А.С.Пушкиннің бейнесі» симулякрларының көркем мәтіндегі қызметін анықтайды [12].

«Қазіргі прозадағы постмодернизм» еңбегінің авторы, PhD доктор Г.Р.Сәулембек постмодернизмге тән ерекшеліктерді саралай келе, симулякрлар теориясына да арнайы тоқталады [13, 63-64]. Симулякрдың қазақ прозасындағы қолданысын Ж.Қорғасбектің «Жақонданың жанары», «Өлмейтін құс» әңгімелері, Т.Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» хикаяты арқылы талдайды. Т.Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» хикаятындағы Бекторы образы да мифопоэтикалық элемент арқылы «Ер Төстік» ертегісінен бүгінгі заманға ауысып, осы заманның кейіпкерін адастырау жолында жұмыс істейді. Шын мәнінде бұл өмірде Бекторы жоқ. Бірақ оны бар

қылатын адамдардың ниеті мен дүниеге құмарлық пиғылдары. Яғни жоқты бар қылатын адамдардың өздері. Кейіпкердің ниеті түзеле сала Бекторының қуаты азайып, кейіпкердің жүрегін оп-оңай қайтарып бере салады. Автор метапроза жанрында жазған туындысында оқиғалар тізбегін композиция ішіндегі композиция тәсілімен беру арқылы біршама ұзақ оқиғаны уақыт кеңістігінен бөліп алып, оқырманға алдына қоя қояды.

Қорытынды. Жалпы симулякр теориясына байланысты ойымызды қорытындылай келе, оның ерте тарихи дәуірден бастап зерттеле басталса да, әлі де соңғы нүктесі қойылып, анықтамасы дәл берілді деп айта алмаймыз. Себебі заман, қоғам, дәуір ауысқан сайын адамдардың танитын шындықтары да салалана береді. Ақиқат біреу-ақ десек те, шындықтың тарамдалып кетуі көркемдік дүниетанымда жаңа әдістерді тудыра береді. Біз қарастырып отырған постмодернизм әдісінің де нақтыланбай тұруы осыған байланысты. Көркем дүниені тану үшін көркемдік сана, көркемдік ойлау жүйесі бір ғана ақиқатты тануға ұмтылуы керек. Бұл өз кезегінде Құдайды тану сияқты болып шығады.

Әдебиеттер тізімі

1. Plato. Sophist // Plato. With an English translation by H.N. Fowler. – London: William Heinemann, 1921. – p. 459.
2. Зудилина Н.В. Учение Платона о трёх типах образов (эйдос, эйкон, эйдолон) как источник смысла «мнимый» у понятия «виртуальный» // Ученые записки Крымского федерального университета имени В. И. Вернадского. Философия. Политология. Культурология. 2020. - Т. 6 (72). № 1. - С. 35–45.
3. Зағышаров Қ.Ф. Философиялық терминдердің сөздігі. - Павлодар: ПМПИ, - 2011. – 138 б.
4. Из письма к Геродоту // История греческой литературы. — Т. 3. — М.: АН СССР, 1960. — С. 360.
5. Желтова Е.В. Плутарх и его сравнительные жизнеописания. - М., - 2006. - 1500 с.
6. Батай Ж. Внутренний опыт. – СПб., - 1997. – 336 с.
7. Делез Ж. Логика смысла. - Екатеринбург, - 1998, - 371 с.
8. Бодрийяр Ж. Симулякры и симуляции. Пер. с фр. А. Качалова. — М: Издательский дом «ПОСТУМ» - 2015. — 240 с.
9. Wood J.B. The Autograph Man, by Zadie Smith: the long way to heal trauma // 3L: The Southeast Asian Journal of English Language Studies – Vol 20(2): 19-30 p.
10. Эпштейн М. Постмодернизм и коммунизм // Постмодерн в России: Литература и теория. — М.: Элинин, - 2000. – 367 с.
11. Маньковская Н. Эстетика постмодернизма - СПб.: Алетейя, - 2000. - 352 с.
12. Бычкова О. Проблемы симулякра в постмодернистской литературе: на материале произведений А. Битова, Т. Толстой, В. Пелевина. автореферат дис. кандидата филологических наук: 10.01.01 / Бычкова Ольга Анатольевна. - Москва: Рос. ун-т дружбы народов, 2008.- 18 с.
13. Сәулембек Г.Р. Қазіргі прозадағы постмодернизм. — Алматы: 2017, 136 б.

References

1. Plato. Sophist // Plato. With an English translation by H.N. Fowler (London: William Heinemann, 1921, 459 p.).
2. Zudilina N.V. Uchenie Platona o tryokh tipakh obrazov (ejdos, ejkon, ejdolon) kak istochnik smysla «mnimyj» u ponyatiya «virtual'nyj» [Plato's teaching about three types of images (eidōs, eikōn, eidōlon) as the source of the meaning of "imaginary" in the concept of "virtual"], Uchenye zapiski Krymskogo federal'nogo universiteta imeni V. I. Vernadskogo. Filosofiya. Politologiya. Kul'turologiya [Scientific notes of the Crimean Federal University named after V. I. Vernadsky. Philosophy. Political science. Cultural studies], 1 (6 (72), 45 (2020)). [In Russian]
3. Zagyparov K.F. Filosofiyalyq terminderdin sozdigi [Dictionary of Philosophical Terms] (PMPI, Pavlodar, 2011, 138 p.). [In Kazakh]
4. Iz pis'ma k Geradotu [From a letter to Herodotus], Istoriya grecheskoi literatury [History of Greek Literature] (AN SSSR, Moscow, 1960, 360 p.). [In Russian]
5. Zheltova E.V. Plutarkh i ego sravnitel'nye zhizneopisaniya [Plutarch's Selected Lives] (Moscow, 2006, 1500 p.). [In Russian]
6. Batay Zh. Vnutrennij opyt [Inner Experience] (Saint Petersburg, 1997, 336 p.).
7. Delez Zh. Logika smysla [The Logic of Sense] (Ekaterinburg, 1998, 371 p.). [In Russian]
8. Bodriyar Zh. Simulyakry i simulyatsii [Simulacra and simulations]. Translated from the French by A. Kachalov (Postum, Moscow, 2015, 240 p.). [In Russian]
9. Wood J.B. The Autograph Man, by Zadie Smith: the long way to heal trauma (3L: The Southeast Asian Journal of English Language Studies, Vol 20(2): 19, 30 p.).
10. Epshtein M. Postmodernizm i kommunizm [Postmodernism and communism], Postmodern v Rossii: Literatura i teoriya [Postmodern in Russia: Literature and Theory] (Elinin, Moscow, 2000, 367 p.). [In Russian]
11. Mankovskaya N. Estetika postmodernizma [Aesthetics postmodernism] (Aletejya, Saint Petersburg, 2000, 352 p.). [In Russian]
12. Bychkova O. Problemy simulyakra v postmodernistskoj literature: na materiale proizvedenij A. Bitova, T. Tolstoj, V. Pelevina [Problems of the simulacrum in postmodern literature: based on the works of A. Bitov, T. Tolstoy, V. Pelevin]. Abstract dis. candidate of philological sciences: 10.01.01 / Bychkova Olga Anatolyevna (PFUR, Moscow, 2008, 18 p.). [In Russian]
13. Saulembek G.R. Qazirgi prozadagy postmodernizm [Postmodernism in modern prose] (Almaty, 2017, 136 p.). [In Kazakh]

С.Ш. Айтуганова, С.А. Сарсембаева

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Симулякр в постмодернистской литературе: генезис и исследование

Аннотация. В статье рассматривается генезис, формирование и изучение категории симулякров в постмодернистской литературе.

Развитие понятия «симулякр» началось в античный период и вошло в научный оборот в эпоху постмодернизма с обоснованием философа Ж. Батая. Первые рассуждения относительно этого термина анализируются греческими мыслителями на основе трактатов Платона, Эпикура. В философии античного периода симулякр описывается как копия, репрезентация вещи.

В исследовательских работах французских ученых Ж. Батая, Ж. Делеза, Ж. Бодрийяра симулякр анализируется под новым углом зрения и дается в широком контексте описания современной философской, социально-политической ситуации. По теории «симуляций и симулякров», предложенной Ж. Бодрийяром, анализируется отражение и деятельность симулякров в обществе, искусстве, и литературе.

Изучены идеи российских ученых М.Эпштейна, Н.Маньковской, О.Бычковой относительно теории симулякров. В статье русского литературоведа М. Эпштейна рассматривается взаимосвязь идеологии советского периода с теорией симулякров. В исследовательских работах философа, автора ряда работ по постмодернизму Н. Маньковской высказываются мнения о стадиях развития симуляционных отношений. Анализируются выводы ученого О. Бычковой о функциях симулякра

в художественном тексте. Использование симулякра в казахской прозе рассматривается на основе исследовательской работы литературоведа, PhD Г. Саулембек.

Ключевые слова: постмодернизм в казахской литературе, симулякр в литературе, симулякры и симуляции, исследование симулякра, генезис литературного симулякра.

S.Sh. Aituganova, S.A. Sarsembayeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The simulacrum in postmodern literature: genesis and research

Annotation. The article discusses the genesis, formation and study of the category of simulacra in postmodern literature.

The development of the concept of “Simulacrum” began in the ancient period and entered scientific circulation in the era of postmodernism with the justification of the philosopher J. Bataille. The first arguments concerning this term are analyzed by Greek thinkers based on the treatises of Plato, Epicurus. In the philosophy of the ancient period, the simulacrum is described as a copy, a representation of a thing.

In the research works of French scientists J. Bataille, J. Deleuze, J. Baudrillard, the simulacrum is analyzed from a new angle and given in the broad context of describing the modern philosophical, socio-political situation. According to the theory of “Simulations and simulacra” proposed by J. Baudrillard analyzes the reflection and activity of simulacra in society, art, and literature.

The ideas of Russian scientists M. Epstein, N. Mankovskaya and O. Bychkova regarding the theory of simulacra are studied. The article by the Russian literary critic M. Epstein examines the relationship between the ideology of the Soviet period and the theory of simulacra. In the research works of the philosopher, author of works on postmodernism N. Mankovskaya, opinions are expressed about the stages of development of simulation relations. The conclusions of the scientist O. Bychkova about the functions of the simulacrum in a literary text are analyzed. The use of the simulacrum in Kazakh prose is considered on the basis of the research work of the PhD G. Saulembek.

Keywords: postmodernism in Kazakh literature, simulacrum in literature, simulacra and simulations, simulacrum research, Genesis of literary simulacrum

Авторлар туралы мәлімет:

Айтуганова С. Ш. – ф.ғ.к., қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Сарсембаева С. А. – докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Aituganova S. Sh. – Candidate of Philology, Professor of the Department of Kazakh Literature, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Sarsembayeva S.A. – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.